



АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ /
ГРАЖДАНСКОЕ И ГРАЖДАНСКО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО /
CIVIL AND CIVIL PROCEDURE LAW

ӨОЖ 347.4
МҒТАР 10.27.61

Ф.Г. Ибрагимова, Е.М. Айтқазин
Alikhan Bukeikhan University, Семей қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ «ЖАСЫЛ» МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУЫН ЗАҢНАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақала авторларымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу қызметін реттейтін заңнамасындағы экологиялық критерийлерге шолу жасалынып, мемлекеттік «жасыл» сатып алу концепциясын заңнамалық қамтамасыз ету деңгейіне талдау жасалынған. Экологиялық талаптарға сай тауарлар мен қызмет түрлерінің артықшылық алу мүмкіндіктерінің іс жүзінде жүзеге асуыбағаланады.

Отандық заңнамамен қатар Еуропа елдеріндегі «жасыл» мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру тетіктері талқыланды. Еуропалық Одақ мемлекеттерінде қол жеткізілген үздік тәжірибеге ерекше мән беріліп, олардың елімізде қолданылу мүмкіндіктері қарастырылған, заңнаманы жетілдіру бағытындағы ұсыныстар берілген.

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму қағидаттарына негізделген мемлекеттік саясаттың маңыздылығын ескере отырып, авторлар жаңа дефиницияларды енгізуді ұсынады және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада «жасыл» мемлекеттік сатып алу тетіктерін енгізу жолдарын қарастырады.

Сонымен қатар «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының елімізде толыққанды қолданысқа енуі үшін қажет өзгерістер тек мемлекеттік сатып алу қызметін реттейтін нормативтік актілерді ғана емес, сонымен қатар тұрақты мемлекеттік сатып алулар, жасыл экономикаға көшу мен экологиялық таңбалау бағыттарындағы заңнамаларды жетілдірумен бірге жүруі тиіс деген қорытынды жасалынады.

Түйінді сөздер: «жасыл» мемлекеттік сатып алу; экологиялық критерийлер; жасыл экономика; конкурс; тұрақты мемлекеттік сатып алулар; экология; экологиялық таңбалау; өндіруші.

Ф.Г. Ибрагимова, Е.М. Айтқазин
Alikhan Bukeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ИНСТИТУТА «ЗЕЛЕННЫХ» ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК В РЕСПУБЛИКЕ
КАЗАХСТАН

Аннотация. Авторами статьи проведен обзор экологических критериев действующего законодательства Республики Казахстан, регулирующего механизм осуществления государственных закупок, проведен анализ уровня законодательного обеспечения концепции государственных «зеленых» закупок. Оценивается практическая реализация возможностей получения преимуществ товаров и услуг, отвечающих экологическим требованиям.

Помимо отечественного законодательства, обсуждены механизмы осуществления «зеленых» государственных закупок в странах Европы. Особое внимание было уделено наиболее эффективной практике, достигнутой в государствах Европейского Союза и предусмотрены возможности их применения в Казахстане и даны рекомендации по совершенствованию законодательства.

Учитывая важность проводимой в Республике Казахстан государственной политики основанной на принципах охраны окружающей среды и устойчивого развития, авторами предлагаются внедрение новых



дефиниций и рассматривается механизм внедрения «зеленых» государственных закупок.

Вместе с тем, делается вывод, что изменения, необходимые для полноценного введения в действие института «зеленых» государственных закупок в стране должны сопровождаться совершенствованием не только нормативных актов, регулирующих государственные закупки, но и законодательства, способствующему переходу к зеленой экономике и экологической маркировке.

Ключевые слова: «зеленые» государственные закупки; экологические критерии; зеленая экономика; конкурс; устойчивые государственные закупки; экология; экологическая маркировка; производитель.

F.G. Ibragimova, Y.M. Aytkazin

Alikhan Bukeikhan University, Semey c., the Republic of Kazakhstan

TOPICAL ISSUES OF LEGISLATIVE SUPPORT FOR THE DEVELOPMENT OF THE INSTITUTE OF «GREEN» PUBLIC PROCUREMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The authors of the article reviewed the environmental criteria of the current legislation of the Republic of Kazakhstan regulating the mechanism of public procurement, analyzed the level of legislative support for the concept of state «green» procurement. The practical realization of the possibilities of obtaining advantages of goods and services that meet environmental requirements is evaluated.

In addition to domestic legislation, mechanisms for implementing «green» public procurement in European countries were discussed. Special attention was paid to the most effective practices achieved in the states of the European Union and the possibilities of their application in Kazakhstan are provided and recommendations for improving legislation are given.

Taking into account the importance of the state policy carried out in the Republic of Kazakhstan based on the principles of environmental protection and sustainable development, the authors propose the introduction of new definitions and consider the mechanism for the introduction of «green» public procurement.

At the same time, it is concluded that the changes necessary for the full implementation of the institute of «green» public procurement in the country should be accompanied by the improvement of not only the regulations governing public procurement, but also legislation contributing to the transition to a green economy and environmental labeling.

Keywords: «green» public procurement; environmental criteria; green economy; competition; sustainable public procurement; ecology; environmental labeling; manufacturer.

DOI: 10.52425/25187252_2023_29_18

Кіріспе. Республикадағы мемлекеттік сатып алулар орта есеппен жалпы ішкі өнімнің 13%-нан 20%-на дейін құрайды, мамандардың пікірінше олар қоршаған орта мәселелерін шешуге үлкен үлес қоса алады. Әлемдік тәжірибеде экологиялық таза өнімдер мен қызметтерді сатып алуды ынталандыру арқылы мемлекеттер климаттық тәуекелдерді төмендете алатындығы дәлелденді¹.

Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың сатып алуларына экологиялық талаптарды енгізу жоспарлануда. Олардың ішінде қайта

өңделген шикізатты пайдалану және тауарлар өндірісінде табиғи ресурстарды үнемдеу, өнімнің расталған «жасыл» таңбалануы, қалдықтарды қайта өңдеудің жоғары дәрежесі және тағы басқалары бар.

Яғни, бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, тиісті заңнаманы жетілдіру жалғасын табады деп болжаймыз. Зерттеу тақырыбының өзектілігі де осы сатып алу түрін реттейтін заңнаманы жетілдіру әрекеттерінің жалғасуында болып отыр. Жалпы, мемлекеттік сатып алу қызметінің соңғы жылдары қарқынды реформалануы осы бағытты зерттеуге деген ғылыми

¹ Устойчивые закупки могут расширить внедрение «зеленых» технологий в Республики Казахстан / Информационное агентство «Inbusiness.kz» [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://inbusiness.kz/ru/last/ustojchivye-zakupki-mogut-rasshirit-vnedrenie-zelenyh-tehnologij-v-rk> (дата обращения: 15.05.2023).



қызығушылықты арттыруда.

Қазақстан Республикасында «жасыл» мемлекеттік сатып алулардың анық концепциясы енгізілмегенімен заңнамада мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының бірі ретінде инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаты бекітілген. Осылайша, еліміздегі экологиялық саясат пен мемлекет экономикасының инновациялық дамуын қамтамасыз ету көзделген.

Ғылыми мақаланың мақсаты еліміздегі мемлекеттік сатып алу қызметін реттейтін заңнамадағы экологиялық критерийлерге шолу жасау, сонымен қатар жалпы мемлекеттік «жасыл» сатып алу концепциясын заңнамалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне талдау жасау болып табылады.

Әдістер мен материалдар. Зерттеу барысында статистикалық мәліметтер мен ғылыми ақпарат көздерінің аналитикалық әдісі қолданылды. «Жасыл» мемлекеттік сатып алулар зерттеу тақырыбы бағытындағы отандық және шет елдік авторлардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалынып, зерттеу заңнамаларға теориялық және жүйелік талдау әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асты.

Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу мен экологиялық таңбалау қызметін реттейтін заңнамалық базалар, Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамасы, шет елдердегі мемлекеттік сатып алуда реттейтін ұлттық заңнамалар, зерттеулер мен статистикалық мәліметтер пайдаланылды.

Талқылау. Мемлекеттік «жасыл» сатып алулар – бұл экологиялық талаптарға сай тауарлар мен қызметтерді сатып алу. Аталған талаптарға сәйкестігі тауар өндірушіні немесе жеткізушіні таңдау кезінде бағамен бірге ескеріледі. Осылайша, мемлекет қоршаған

ортаны қорғау қызметін атқара отырып, жауапты өндірушілерді де қолдай алады.

«Жасыл» мемлекеттік сатып алулар Еуропа, Азия елдерінде және АҚШ-та бұрыннан бар. Ресей тек осы бағыттағы алғашқы қадамдарын жасауда. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) мәліметтері бойынша оған мүше елдердің барлығында дерлік механизмдер әзірлесе, олардың 69%-ы осындай сатып алуларды тәжірибеде енгізген және олардың мониторингін жүргізуде².

Қазақстан Республикасында «жасыл» мемлекеттік сатып алулардың анық концепциясы енгізілмеген. Алайда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 4 бабында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының бірі ретінде инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаты бекітілген³. Бұдан басқа, ұйымдастырушылар үшін конкурстарды өткізу кезінде неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын қатысушыны айқындау кезінде әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің болуын және 2020 жылдың 30 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңына сәйкес өнімнің экологиялық тазалық стандартына сәйкестігін растауын қоса алғанда, конкурстық ұсынысқа әсер ететін өлшемшарттарды сақтау міндеті белгіленген⁴. Бүгінгі күнге осы талаптар арқылы нақты мемлекеттік сатып алулар бағытындағы еліміздің экологиялық саясатын жүзеге асыру мен мемлекет экономикасының инновациялық дамуын қолдау көзделген.

Алайда, іс жүзінде жоғарыда көрсетілген талаптар сақталғанның өзінде ол «жасыл» тауарлар мен қызмет түрлерін сатып алуды ынталандырып жатыр деп айту қиын. Мемлекеттік сатып алулар кезінде

²Что такое «зеленые» госзакупки и как они помогают экономить бюджет» / Сетевое издание «РБК» [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://trends.rbc.ru/trends/green/5ebd1fd89a7947821cbc69ca> (дата обращения: 15.05.2023).

³Мемлекеттік сатып алу туралы: Қазақстан Республикасының 2015 ж. 4 желтоқсандағы №434-V Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434> (жүгінген күні: 18.05.2023).

⁴Техникалық реттеу туралы: Қазақстан Республикасының 2020 ж. 30 желтоқсандағы №396-VI Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z20000000396> (жүгінген күні: 18.05.2023).



мұндай тауарлар түріне артықшылық беріле бермейді, сатып алушы төмен бағаны таңдау міндетімен жүктелген жағдайда ондай таңдау жасау мүмкіндігі шектеулі.

Соңғы жылдары елімізде көп айтылып жүрген «тұрақты мемлекеттік сатып алулардан» да күтілетін үміт жоғары, егер ол жүзеге асса пайдасы зор болуы мүмкін. «Тұрақты мемлекеттік сатып алулар» жоғарыда аталған шектерді алып тастауға әкеліп, сонымен қоса:

- Қазақстанда энергия тиімділігі мен ресурс үнемдеуді арттыруға;
- қайта өңдеу пайызын көбейту және өндіріс қалдықтарын азайтуға;
- өнеркәсіп үшін «жасыл» технологияларды енгізуге және оларды нарықта ілгерілетуге ынталандыруды арттыруға;
- компания қызметкерлерінің жағдайын және еңбек қауіпсіздігі деңгейін жақсартуға жағдай жасау түріндегі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беруі тиіс.

Мемлекеттік сатып алудың көмегімен мемлекет қоршаған ортаны және халық денсаулығын қорғау міндетіне қатысты өз қызметін жүзеге асыра алады. Қауіпті заттарды пайдалануды азайту осы мәселені шешуге арналған шараның бір бөлігі болуы керек. Әсіресе, балабақшалар мен мектептердегі мемлекеттік сатып алу арқылы алынған жиһаздар мен өзге де қажет заттардың, тамақтандырудың балалардың денсаулығына тікелей әсер ететіні белгілі [1].

Мамандардың пікірінше Қазақстанда қазіргі уақытта құқықтық базада қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған «жасыл» сатып алуды қолдану жоқ, яғни тікелей бағытталған нормалар жоқ. Қайта өңделген шикізаттан жасалған тауарларды қолдайтын жекелеген нормалар механизмі қарастырылған, алайда олар іс жүзінде қолданылмайды. Сонымен қатар экологиялық критерийлерді енгізе отырып «Тұрақты мемлекеттік сатып алулар» бағытында жұмыстар атқарылып, заңнамалық тұрғыдан бекітілуіне қажеттілік бар. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға «тұрақты сатып алулар» қағидатын қарастыра отырып,

«тұрақты сатып алу» ұғымының нақты анықтамасын енгізу түріндегі өзгертулер қажет [2].

Әлемдегі жағдайға келетін болсақ – «жасыл» сатып алу туралы ортақ заңнама немесе стандарттар әлі жоқ, мемлекеттердегі жағдай әр түрлі, көбінде заңнамалық негіз толығымен қалыптасып үлгермеген. Бұл негізінен «жасыл тізімнің» тоқтаусыз кеңеюімен және елдердегі өндірістік көрсеткіштерге байланысты деуге болады. Еуропалық Одақ елдерінің қазіргі даму кезеңіндегі тәжірибесі жаңа экономикалық модельдерге көшу және құқықтық даму арқылы қоршаған ортаға зиян келтірместен экономикалық өсуді қамтамасыз етуге болатындығын дәлелдеді.

Еуропалық Одақ азаматтарға қолайлы жағдай жасай отырып, үкіметтері ресурстарды тиімдірек басқару арқылы өз экономикаларын жасылдандырып келеді, қоршаған ортаны қорғау қызметін, «жасыл» экономиканы қолдау үшін экономикалық және құқықтық құралдарды енгізудегі инновацияларды қолдау, су ресурстарын басқаруға қатысты экологиялық саясатты ұтымды жүргізуде [3].

Заң әдебиеттерінде Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамасын ескере отырып, мемлекеттің даму қажеттіліктеріне және ондаған жылдар бойы шешілмей келе жатқан ауыр өнеркәсіп қалдықтарының дұрыс жойылмауы, ластанудан туындайтын табиғи ортаға теріс әсердің алдын алу жөніндегі мәселелері шешуге мән беру керектігі аталынады [4]. Ал экономикалық әдебиеттерде декаплингтің дамуы өзекті болып табылатын, яғни экономикалық өсім мен табиғи ресурстарды тұтынуды бір-бірінен бөлек қарастыру туралы идеялар қолдау табуға [5]; [6].

Біздің елімізде экология мен тұрақты дамуды қолдау бойынша жұмыс тұрақты түрде жүргізілуде және заңнамалық актілер деңгейінде бекітілген. Атап айтқанда, 2021 жылғы 2 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі



негізгі құжат болып табылады⁵. Бұдан басқа, тұрақты даму, «жасыл экономиканы» дамыту бағыты бойынша мемлекеттердің дамуын қолдау БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасымен де жүзеге асырылуда. Осы ұйымның аясында 2008 жылдан бастап «Жасыл экономика» бастамасы көтеріліп, бүгінгі күнде жүзеге асырылуда. Аталған бастама шеңберінде зерттеулер жүргізілуде, экологиялық инвестицияларды қолдау жөніндегі саясатты одан әрі дамыту үшін көмек көрсетіліп келеді. Елімізде осы бастамалардың арқасында 2015 жылы Еуропалық Одақтың қаржыландырылуымен «Жасыл экономика моделіне көшу үшін Қазақстанды қолдау» жобасы іске қосылған болатын⁶.

Тағы бір мысал, халықтың сауаттылығы мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ азаматтар арасында тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелеуге бағытталған «StopMusor» әлеуметтік жобасының елімізде жүзеге асырылуы. Аталған жобаны «Филип Моррис Қазақстан» ЖШС қаржылық қолдауымен Қазақстанның экологиялық ұйымдарының Қауымдастығы іске асыруда, оң нәтижелері де бар^{7,8}.

Отандық ғалымдардың пікірінше «жасыл экономикаға» көшу, орнықты даму бойынша мемлекеттік қолдаудың стратегиялық маңыздылығы мен көлемі уәкілетті органдарды жалпы үйлестіруді жүргізу және энергия ресурстарын, атап айтқанда металлургия, тұрғын-үй, коммуналдық-шаруашылық, көлік инфрақұрылымын барынша көп тұтыну салаларында мемлекеттік қолдау шараларын интеграциялау мүмкіндігін қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда Қазақстан

Республикасы Президентінің жанындағы «Жасыл экономикаға» көшүжөніндегі кеңестің үйлестіру функциясын күшейту, сондай-ақ заңнаманы, құқық қолдану практикасын және мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды нақтылау үшін жұртшылықпен және сарапшылар қауымдастығымен «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі Ұлттық баяндаманы кеңінен талқылау орынды болады деген пікір бар [7].

Қазақстанда мемлекеттік сатып алудың жаңа жүйесі құрылуы тиіс. Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдыққа ие болуы керек. Мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың сатып алуларын бірыңғай платформаға ауыстыру қажет. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осындай тапсырмаларды 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жолдауы кезінде берген болатын. Мұндай күрделі өзгерістер енгізу үшін елімізде «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылдануы тиіс.

«Тұрақты мемлекеттік сатып алу» элементтерін енгізу, яғни экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерді ескере отырып сатып алуды жүзеге асыру ұсынылады. Бұған байланысты жұмыс жүргізіліп жатқаны белгілі⁹.

Біздің қызығушылығымызды тудырып отырғаны аталғандардың ішіндегі экологиялық аспект болып табылады. Экологиялық аспект – жасыл сатып алудың, қоршаған ортаны қорғау, жаңартылатын энергия көздері, ең аз шығындар мен утилизациялау талаптарының мемлекеттік сатып алу кезінде болуынан көрінеді.

«Жасыл» тауарлар мен қызметтер түрін анықтауға байланысты заң шығарушы алдында үлкен атқарылуы тиіс жұмыс

⁵ Қазақстан Республикасының экология кодексі: 2021 ж. 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> (жүгінген күні: 25.05.2023).

⁶ Совместный проект ЕС/ПРООН/ЕЭК ООН «Поддержка Казахстана по переходу к модели зеленой экономики» / Единый экологический интернет-ресурс Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoi-informacii/haly-araly-yntyma-tasty/zhasyl-jekonomika-igisine-k-shu-zh-nindeg-i-aza-standy-oldau-eo-b-db-b-ejek-birlesken-zhobasy/> (дата обращения: 25.05.2023).

⁷ «StopMusor» әлеуметтік жобасы басталды / ҚР Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» мемлекеттік инфокоммуникациялық алаң [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://ortcom.kz/kk/novosti/posredstvom-mobilnogo-prilozheniya-kazahstancy-smogut-podavat-zhaloby-nafakty-zagryazneniya-obshchestvennyh-mest> (жүгінген күні: 27.05.2023).

⁸ Қазақстанда StopMusor әлеуметтік жобасының екінші кезеңі басталды / «BAQ.KZ» ақпарат агенттігі [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://baq.kz/kazakstanda-stopmusor-aleumettik-zhobasynun-ekinshi-kezeni-bastaldy_254393/ (жүгінген күні: 27.05.2023).

⁹ В Казахстане разрабатывают проект закона о госзакупках / Информационное агентство «Центр деловой информации «Kapital.kz» [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://kapital.kz/gosudarstvo/112307/v-kazahstane-razrabatyvayut-proyekt-zakona-o-goszakupkakh.html> (дата обращения: 29.05.2023).



тұрғаны түсінікті. Келесі қадам мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысу үшін міндетті экологиялық талаптар қолданылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізімін әзірлеу болуы мүмкін.

«Жасыл» мемлекеттік сатып алуды іске асырудағы бұл тетік Еуропалық Одақ елдерінің озық тәжірибесіне [8, 28 б.] сәйкес келеді және тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің нақты түрлеріне қатысты өкілетті органға келесі құзыреттерді бекіту қажет деген пікірдеміз:

- белгілі бір тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қатысты экологиялық критерийлер анықталуы тиіс;

- мемлекеттік сатып алу мақсаттары үшін экологиялық критерийлері айқындалатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізімін айқындау қажет болады;

- экологиялық критерийлер айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінің ең төменгі шекті көрсеткіштерін айқындау керек болады.

Мұндай критерийлерді бекіту бойынша Еуропалық Одақ елдерінің тәжірибесіне үңілсек ол мемлекеттерде мемлекеттік сатып алу процесіне енгізілген өнімнің экологиялық аспектілері CPV (жалпы сатып алу сөздігі) бойынша жіктелді және ол келесідей үш блокқа бөлінген: жоғары, орташа және төмен. «Жоғары» деп аталатын топқа қағаз бен целлюлозаға, баспа материалдары мен баспа өнімдеріне, компьютерлер мен компьютерлік жабдықтарға және тағы басқаларға қатысты тауарлар кіреді. «Орташа» топқа ауыл шаруашылығына, киім-кешек тауарлары, жиһаз, құрылыс, жөндеу және техникалық қызмет көрсету қондырғылары жатқызылған. «Төмен» топқа негізінен мәдени және спорттық тауарлар, пошта қызметтері, инженерлік және сәулет қызметтері, су көлігі қызметтері кіреді. Сонымен қатар осы елдердің заңнамасында «экологиялық критерийлер» мен «нақты анықталған

экологиялық критерийлер» түсініктері бөлек берілген. Заңнаманы зерттеп жүргізген авторлардың пікірінше ондай түсініктер тауар ұсынушының ақпарат беруі кезінде тауардың «экологиялық тазалығы» деңгейін анықтау үшін қажет және олардың арасындағы айырмашылық та осы қауіпсіздік туралы берілген ақпараттың анықтығында болып отыр [9].

Еліміз үшін де сатып алу жүйесіне тауар мен қызметтің экологиялық қауіпсіздігін осы тәжірибелерге қарай отырып қалыптастыруға болады.

Бұдан басқа, I типті экологиялық таңбалау болған кезде жеңілдіктер берудің қолданыста болған тетігін қайтару маңызды. Жеңілдіктер экологиялық менеджмент жүйесінің ұлттық стандарттарға сәйкестігін растайтын құжаттары бар тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге және әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарлардың экологиялық таза өнім стандартына сәйкестігін растайтын құжаттың болуы бойынша жасалынып, оның деңгейіне байланысты көлемі анықталуы мүмкін.

Негізгі және өзекті мәселе осы экологиялық таңбалау төңірегінде болып отыр, оны заңнамалық тану және ынталандыру еліміз үшін одан да күрделі тапсырмаға айналғандай. Экологиялық таңбалаудың болуы мемлекеттік сатып алудың осы бағыттағы реформалау үшін сөзсіз қажет элемент деп санаймыз. Алайда, еліміздегі экологиялық таңбалауда мәселелер тым көп^{10,11} және ондай таңбасы бар тауарлардың барлығын «жасыл» өнімнің қатарына жатқызу қиын болып отыр.

«Био/био», «эко/есо» немесе «органикалық/organic» тауар белгілерімен органикалық өнім шығара отырып, өндіруші Қазақстан заңнамасында көрсетілген¹² сапа стандарттарын сақтауы тиіс, олай болмаған жағдайда ӘҚБТК сәйкес 30-дан 400 АЕК мөлшерінде айыппұл санкциялары

¹⁰ Эко-товары – грабеж среди бела дня / Газета «МК в Казахстане» [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://mk-kz.kz/economics/2021/10/27/ekotovary-grabezh-sredi-bela-dnya.html> (дата обращения: 30.05.2023).

¹¹ «Жасыл» экономикаға өтудің көкейкесті мәселелері / «International Green Technologies & Investments Center» ресми сайты [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://igtipc.org/kk/news-res/297-20190614-115351> (жүгінген күні: 30.05.2023).

¹² Стандарттау туралы: Қазақстан Республикасының 2018 ж. 5 қазандағы №183-VI Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000183> (жүгінген күні: 30.05.2023).



қолданылуы қарастырылған. Егер компания өз өніміне «эко» таңбасын қойса, ол тиісті сертификаттың иесі болуға және оны сұрауы бойынша тексеруші органға көрсетуге міндетті. Егер мұндай сертификат болмаса, бірақ таңбалау болса, онда 90-нан 200 АЕК-ке айыппұл салынады¹³. Кодексте қарастырылған санкция көлемі аз емес әрине, дегенмен, үлкен айыппұл сомасы әрқашан өндірушілерді эко-алаяқтықтан бас тартуға мәжбүрлей бермейді.

2015 жылы «Органикалық өнім өндіру туралы» заң¹⁴ қабылданғанына қарамастан, Қазақстанда белгілі бір тауарларға «эко» немесе «органикалық» белгісін берудегі жағдай түсініксіз. Мәселен, үкімет те, өндірушілер де, онымен қоса сатып алушылар да осы таңбалаудың нақты тұжырымдамаларын, олардың айырмашылықтарын ажырата алмауда, сондықтан қандай өнімдер органикалық деп танылуы тиіс, қандайы экологиялық таза белгісін тағу құқығына лайықты екендігіне байланысты әлі де нақты түсінік жоқ.

Нәтижелер. Қазақстан Республикасында «жасыл» мемлекеттік сатып алулардың анық концепциясы жоқ. Алайда, еліміздің заңнамасында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының бірі ретінде инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаты бекітілген. Бұдан басқа, ұйымдастырушылар үшін конкурстарды өткізу кезінде неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын қатысушыны айқындау кезінде әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің болуын және Қазақстандық Техникалық реттеу саласындағы заңнамаға сәйкес өнімнің экологиялық тазалығы стандартына сәйкестігін растауды қоса алғанда, конкурстық ұсынысқа әсер ететін өлшемшарттарды көздеуі міндеті белгіленген.

Алайда, іс жүзінде жоғарыда көрсетілген талаптар сақталғанның өзінде ол «жасыл»

тауарлар мен қызмет түрлерін сатып алуды ынталандырып жатыр деп айту қиын. Мемлекеттік сатып алулар кезінде мұндай тауарлар түріне артықшылық беріле бермейді, сатып алушы төмен бағаны таңдау міндетімен жүктелген жағдайда ондай таңдау жасау мүмкіндігі шектеулі.

Елімізде «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтын енгізуге кедергі болып отырған бүгінгі күнге келесідей мәселелер анықталды:

- тікелей «жасыл» тауарлар мен қызметтерге артықшылық беретін нормалар жоқ, яғни төмен баға қағидасымен қатар «жасыл» тауарлар мен қызметтерге артықшылық беретін анық қағида бекітілу түріндегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР заңына өзгертулердің қажеттілігі бар;

- мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысу үшін міндетті экологиялық талаптар қолданылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізімі әзірленбеген;

- белгілі бір тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қатысты экологиялық критерийлер анықталмаған;

- экологиялық критерийлер айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінің төменгі шекті көрсеткіштері айқындалмаған.

Сондықтан да зерттеу барысында қарастырылған елімізде қазіргі уақыттағы құқықтық базада қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған «жасыл» сатып алуды қолданудың жоқтығы, яғни тікелей бағытталған нормалардың болмауы тұрғысындағы мамандардың пікірімен келісеміз. Сондай ақ экологиялық критерийлерді енгізуді көздейтін «Тұрақты мемлекеттік сатып алулар» да заңнамалық тұрғыдан бекітілмеген.

Тағы бір өзекті мәселе осы экологиялық таңбалау төңірегінде болып отыр, еліміздегі экологиялық таңбалауда мәселелер тым көп және ондай таңбасы бар тауарлардың барлығын «жасыл» өнімнің қатарына жатқызу қиын болып отыр. Үкімет те, өндірушілер де, онымен қоса сатып алушылар да осы таңбалаудың нақты тұжырымдамаларын,

¹³ Өкімшілік құқық бұзушылық туралы: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 ж. 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (жүгінген күні: 30.05.2023).

¹⁴ Органикалық өнім өндіру туралы: Қазақстан Республикасының 2015 ж. 27 қарашадағы №423-V Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000423> (жүгінген күні: 30.05.2023).



олардың айырмашылықтарын ажырата алмауда, сондықтан қандай өнімдер органикалық деп танылуы тиіс, қандайы экологиялық таза белгісін тағу құқығына лайықты екендігіне байланысты әлі де нақты түсінік жоқ.

Аталған заңнамадағы олқылықтар мен мәселелер Қазақстан Республикасында «жасыл» мемлекеттік сатып алу жүйесін қолданысқа енгізуге тікелей кедергілер болып отыр. Мысалы: еліміздегі экологиялық таңбалаудағы мәселелер шешілмейінше, тек сәйкес келетін тауарлар мен қызметтердің экологиялық тазалардың қатарына қосуға, ол қызметті ашық және сапалы жүргізуге қол жеткізбейінше «жасыл» мемлекеттік сатып алу талаптарын енгізу нәтижесіз болуы мүмкін. Онсыз «жасыл» мемлекеттік сатып алудың түпкі идеясы жойылып, көзделіп отырған қоршаған ортаны және халық денсаулығын қорғау мен жауапты өндірушілерді қолдау мақсаттарына қол жеткізе алмаймыз.

Қорытынды. Жалпы, соңғы жылдары елімізде экологиялық таза өнім мен қызметке деген сұраныстың қоғам тарапынан жоғарылауы байқалады және мұны өте жағымды үрдіс деп бағалаймыз. Мұндай өзгерістер мемлекет үшін жоғары талапқа айналары сөзсіз және ол сұраныстарды қанағаттандыру үшін елімізде аталған бағытта жұмыстардың жалғасатыны анық.

Шет елдердің озық тәжірибелерін ескере отырып, елімізде «жасыл» мемлекеттік сатып алу толыққанды жұмыс істеу үшін осы қызмет түрін реттейтін заңнаманы жетілдіру бағытында келесідей жұмыстар атқарылуы қажет деп санаймыз:

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР заңына экологиялық критерийлер айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге артықшылық беретін нақты нормалар мен қағидалар енгізілуі қажет.

2. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда экологиялық критерийлер айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге белгілі бір преференциялық мүмкіндіктер болуы керек, мысалы: осындай тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін

қызметтерді атқарушылар үшін шартты жеңілдіктер және т.б.

3. Жеңімпазды айқындау кезіндегі басымдық берудің нақты тәртібі бекітілуі тиіс. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң деңгейінде сатып алу міндетті түрде тұрақты «жасыл» сатып алу өлшемдеріне сәйкес келуі тиіс тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесін реттеуді бекітетін норма енгізіліп, содан кейін заңға тәуелді актілер деңгейінде, мысалы, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығында таңдау өлшемшарттарының өзі бекітілуі мүмкін. Алайда, тізімді қалыптастыру өте күрделі сұрақ екенін ескеруіміз қажет, ол нарықтың, жеткізушілердің жағдайын және отандық өндірушілерді қолдау қағидаларын ескере отырып жүзеге асуы тиіс. Сондықтан да мұндай сатып алуды жүзеге асыру мүмкіндігін енгізу елдегі жағдайды мұқият талдауды қажет етеді.

4. Нақты тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қатысты экологиялық критерийлер анықталуы тиіс.

5. Мемлекеттік сатып алу мақсаттары үшін экологиялық критерийлері айқындалатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізімін айқындау қажет болады.

6. Экологиялық критерийлер айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінің ең төменгі шекті көрсеткіштерін айқындау қажет.

Жоғарыда аталғандармен қатар, экологиялық критерийлерді енгізе отырып «Тұрақты мемлекеттік сатып алулар» бағытында жұмыстар атқарылып, заңнамалық тұрғыдан бекітілуіне қажеттілік бар. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға «тұрақты сатып алу» қағидатын қарастыра отырып, «тұрақты сатып алу» ұғымының нақты анықтамасын енгізу түріндегі өзгертулер қажет.

Экологиялық таңбалау мәселесі шешілуі тиіс. Таңбалаудың анық тұжырымдамалары бекітіліп, нақты қандай өнімдер органикалық деп танылуы тиіс, қандайы экологиялық



таза белгісін тағу құқығына ие екендігіне байланысты анық түсініктер болуы қажет. Сондай ақ I типті экологиялық таңбалау болған кезде жеңілдіктер берудің қолданыста болған тетігін қайтару маңызды. Жеңілдіктер экологиялық менеджмент жүйесінің ұлттық стандарттарға сәйкестігін растайтын құжаттары бар тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге және әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарлардың экологиялық таза өнім стандартына сәйкестігін растайтын құжаттың болуы бойынша жасалынып, оның деңгейіне байланысты көлемі анықталуы мүмкін. Сонымен қоса осы салада бәсекелестік туғызатын және халықаралық тәжірибеге сәйкес келетін бірнеше экологиялық таңбалау орталықтарының қатар қызмет етуі жақсы әсер берер еді.

Жалпы, аталған бағыттар бойынша жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму қағидаттарын енгізу қажеттігін ескере отырып, мемлекеттік органдармен, қоғаммен және өзге де тараптармен «Жасыл» сатып алу бойынша қағидаттарды, ұғымдарды, өлшемшарттарды және өзге

де нақтылауларды енгізу мақсатында мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың өзгерістерін қоғамдық талқылау үшін сәтті кезең туып отыр. «Жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының елімізде толыққанды қолданысқа енуі үшін қажет өзгерістер тек мемлекеттік сатып алу қызметін реттейтін нормативті актілерді ғана емес, сонымен қатар тұрақты мемлекеттік сатып алулар, жасыл экономикаға көшуі мен экологиялық таңбалау бағыттарындағы заңнамаларды жетілдірумен бірге жүруі аса маңызды. Мұндай үйлесімдегі кешенді жұмыс түпкілікті мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретініне сеніміміз мол.

Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан Мемлекеттік сатып алу саласындағы саясатты қалыптастырып, іске асыра отырып, сатып алу рәсімдерін жетілдіруге деген ұмтылыстың жоғары екенін атап өткен әділ болады. Мемлекеттік сатып алу сияқты қуатты әлеуетті пайдалану өндірушілерді инновацияларға, соның ішінде экологиялық таза өнім өндіруге және ресурстарды жаңарту қағидаларын пайдалануға ынталандыратыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кузнецова, Е.М. Руководство по включению экологических критериев в государственные закупки [Электронный ресурс] / Е.М. Кузнецова, и др. – Редакционно-издательский центр ГУАП, 2021. – 73 с. – Режим доступа: <https://thinkbefore.eu/wp-content/uploads/2021/03/%D0%A0%D1%83%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE-%D0%BF%D0%BE-%D0%93%D0%97%D0%97.pdf> (дата обращения: 21.05.2023).
2. Балтабаев, К. Оценка статуса и правовая экспертиза устойчивых государственных закупок в Республике Казахстан. Отчет эксперта [Электронный ресурс] / К. Балтабаев. – 2021. – 53 с. – Режим доступа: <https://www.greengrowthknowledge.org/sites/default/files/SPP%20status%20assessment%20in%20Kazakhstan%20%28in%20Russian%29.pdf> (дата обращения: 23.05.2023).
3. Egorova, M.A. Foreign experience in the implementation of «green» public procurement legal instruments / M.A. Egorova // Rudn Journal of Law. – 2022. – №2(26) – Pp. 314-328.
4. Onyusheva, I. The Eco-problems and Green Economy Development in Kazakhstan: An Analytical Survey / I. Onyusheva, D. Ushakov, H.T. Van // International Journal of Energy Economics and Policy. – 2018 – №8(2). – Pp. 148-153.
5. Яшалова, Н.Н. Анализ проявления эффекта декаплинга в эколого-экономической деятельности региона / Н.Н. Яшалова // Региональная экономика: теория и практика. – 2014. – №39(366). – С. 54-61.
6. Селищева, Т.А. «Зеленая» экономика как модель устойчивого развития стран ЕАЭС / Т.А. Селищева // Евразийская экономическая перспектива: проблемы и решения. – 2018. – №3(67). – С. 6-12.
7. Дюсенов, Е.А. Некоторые вопросы правового регулирования «зеленой экономики» в



Республике Казахстан / Е.А. Дюсенов, А.К. Лямбекова // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. – 2020. – №5(63). – С. 76-83.

8. Czarnezki, J.J. Green Public Procurement: Legal Instruments for Promoting Environmental Interests in the United States and European Union / J.J. Czarnezki. – Uppsala: Uppsala University, 2019. – 187 p.

9. Jose Luis Fuentes-Bargues. Green Public Procurement at a Regional Level. Case Study: The Valencia Region of Spain / Jose Luis Fuentes-Bargues, Pablo Sebastian Ferrer-Gisbert, M. Carmen González-Cruz, and María Jose Bastante-Ceca // Int J Environ Res Public Health. – 2019. – №16(16). – Pp. 29-36.

References:

1. Kuznecova, E.M. Rukovodstvo po vkljucheniju jekologicheskikh kriteriev v gosudarstvennye zakupki [Jelektronnyj resurs] / E.M. Kuznecova, i dr. – Redakcionno-izdatel'skij centr GUAP, 2021. – 73 s. – Rezhim dostupa: <https://thinkbefore.eu/wp-content/uploads/2021/03/%D0%A0%D1%83%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE-%D0%BF%D0%BE-%D0%93%D0%97%D0%97.pdf> (data obrashhenija: 21.05.2023).

2. Baltabaev, K. Ocenka statusa i pravovaja jekspertiza ustojchivyh gosudarstvennyh zakupok v Respublike Kazahstan. Otchet jeksperta [Jelektronnyj resurs] / K. Baltabaev. – 2021. – 53 s. – Rezhim dostupa: <https://www.greengrowthknowledge.org/sites/default/files/SPP%20status%20assessment%20in%20Kazakhstan%20%28in%20Russian%29.pdf> (data obrashhenija: 23.05.2023).

3. Egorova, M.A. Foreign experience in the implementation of «green» public procurement legal instruments / M.A. Egorova // Rudn Journal of Law. – 2022. – №2(26) – Pp. 314-328.

4. Onyusheva, I. The Eco-problems and Green Economy Development in Kazakhstan: An Analytical Survey / I. Onyusheva, D. Ushakov, H.T. Van // International Journal of Energy Economics and Policy. – 2018 – №8(2). – Pp. 148-153.

5. Jashalova, N.N. Analiz projavlenija jeffekta dekaplinga v jekologo-jekonomicheskoy dejatel'nosti regiona / N.N. Jashalova // Regional'naja jekonomika: teorija i praktika. – 2014. – №39(366). – S. 54-61.

6. Selishheva, T.A. «Zelenaja» jekonomika kak model' ustojchivogo razvitija stran EAJeS / T.A. Selishheva // Evrazijskaja jekonomicheskaja perspektiva: problemy i reshenija. – 2018. – №3(67). – S. 6-12.

7. Djusenov, E.A. Nekotorye voprosy pravovogo regulirovanija «zelenoj jekonomiki» v Respublike Kazahstan / E.A. Djusenov, A.K. Ljambekova // Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respublika Kazahstan. – 2020. – №5(63). – S. 76-83.

8. Czarnezki, J.J. Green Public Procurement: Legal Instruments for Promoting Environmental Interests in the United States and European Union / J.J. Czarnezki. – Uppsala: Uppsala University, 2019. – 187 p.

9. Jose Luis Fuentes-Bargues. Green Public Procurement at a Regional Level. Case Study: The Valencia Region of Spain / Jose Luis Fuentes-Bargues, Pablo Sebastian Ferrer-Gisbert, M. Carmen González-Cruz, and María Jose Bastante-Ceca // Int J Environ Res Public Health. – 2019. – №16(16). – Pp. 29-36.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Флюра Галимовна Ибрагимова – Alikhan Bokeikhan University азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, e-mail: flura.77@mail.ru.

Ибрагимова Флюра Галимовна – заведующая кафедрой гражданско-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, кандидат юридических наук, e-mail: flura.77@mail.ru.

Ibragimova Flura Galimovna – Head of the Department of Civil Law Disciplines of Alikhan Bokeikhan University, Candidate of Law, e-mail: flura.77@mail.ru.



Ерлан Майданұлы Айтқазин – Alikhan Bukeikhan University азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі, e-mail: aytkazin1805@mail.ru.

Айтқазин Ерлан Майданұлы – старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин Alikhan Bukeikhan University, магистр права, e-mail: aytkazin1805@mail.ru.

Aytkazin Yerlan Maydanuly – Senior Lecturer of the Department of Civil Law Disciplines of Alikhan Bukeikhan University, Master of Law, e-mail: aytkazin1805@mail.ru.

